

«2024-2025 оқу жылында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу-әдістемелік бөлімінің атқарған жұмысының нәтижелері»
бойынша

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

Талдықорған қ.

«04» маусым 2025ж.

«2024-2025 оқу жылында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу-әдістемелік бөлімінің атқарған жұмысының нәтижелері» Ғылыми кеңесте тыңдалып, келесідей тұжырымдар жасалды:

I.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бакалавриаттың – 9, магистратураның – 3 және докторантураның – 2 салалары бойынша жүзеге асырылады.

2024-2025 оқу жылында кәсіби стандарттарға сай 97,4% білім беру бағдарламалары жаңартылды.

Білім беру процесі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне, университеттің академиялық саясатына және университеттің миссиясын жүзеге асыруға бағытталған білім беру үдерісінің барлық қатысушыларының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің әлемдік жүйесін дамытудың негізгі қағидаттарын айқындайтын академиялық күнтізбеге сәйкес ұйымдастырылды.

Академиялық саясат білім алушыларға бағдарланған оқытуды енгізу арқылы білім алушылардың дербестігі мен сыни ойлауын арттыруға бағытталған университетте жүзеге асырылып жатқан оқу ортасын сапалы түрлендіруді ескере отырып әзірленді.

Университетте білім беру қызметі бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейлерінде қазақ, орыс, үштілді және ағылшын тілдерінде іске асырылады.

Университеттің профессор-оқытушылар құрамының кәсіби біліктілігін арттыру, білімін тереңдету және білім беру саласының заманауи талаптарына бейімделу жүйелі түрде біліктілігін арттыру арқылы жүзеге асырылады.

Университеттегі оқу үдерісі жаңа білім беру технологияларын енгізуге, компьютерлендіру мен ақпараттандыруға, оқыту мен бақылаудың заманауи техникалық құралдарын пайдалануға, білім берудің тәуелсіз аудит қағидаттарын жүзеге асыруға бағытталған. Оқу үдерісінде электронды оқулықтар, компьютерлік оқыту бағдарламалары, мультимедиялық технологиялар, бейнедәрістер және жаппай ашық онлайн курстар қолданылады.

Дуалды оқыту элементтерін енгізу, білім беру процесінің практикалық бағытын күшейту, білікті мамандарды даярлауды жақсарту, сондай-ақ бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу және олардың нәтижелерін өндіріске енгізу мақсатында университет дуалды оқыту элементтерін іске асырады.

Университетте педагогтің білімін бағалау бойынша 2024-2025 оқу жылына арналған жол картасы әзірленіп, соған сай жұмыстар жүргізілді. Педагогикалық ББ бойынша оқуын аяқтайтын білім алушылар үшін ПББ

бойынша жүйелі әрі сапалы дайындықты ұйымдастыру мақсатында кеңес беру 1-жартыжылдықта оффлайн, 2-жартыжылдықта онлайн ұйымдастырылды.

Практика базалары жарғылық қызметі мамандарды даярлау бейініне және білім беру бағдарламасының талаптарына сай келетін, кәсіби практика жетекшілігін жүзеге асыру үшін білікті кадрлары және материалдық-техникалық базасы бар ұйымдарды айқындайды. Кәсіби практика басталғанға дейін университет практика базасы ретінде айқындалған ұйымдармен кәсіби практика жүргізуге келісім шартқа отырды.

Ғылыми білімді тереңдету, заманауи зерттеу әдістері мен зерттеліп жатқан саладағы жаңа ғылыми тәсілдерді меңгеру, деректер жинау, сондай-ақ диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша кеңес алу мақсатында университеттің магистранттары мен докторанттары Қазақстанның және шетелдің жетекші ғылыми ұйымдары мен жоғары оқу орындарында ғылыми тағылымдамадан өтті.

«2024-2025 оқу жылында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу-әдістемелік бөлімінің атқарған жұмысының нәтижелері» бойынша **Ғылыми кеңес шешімі:**

1. Университетте ағылшын тілінде оқытатын білім беру бағдарламаларының саны арттырылсын (**жауаптылар:** білім беру бағдарламаларының жобалық офисі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу-әдістемелік бөлімі, факультет декандары, кафедра меңгерушілері; **орындалу мерзімі:** 2025-2026 оқу жылы).

2. Ағылшын тілін меңгергенін растайтын сертификаттары бар профессор-оқытушылар құрамының саны арттырылсын (**жауаптылар:** факультет декандары, кафедра меңгерушілері; **орындалу мерзімі:** 2025-2026 оқу жылы).

Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуын бақылау Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Б. Таубаевқа жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Е. Бурибаев

Г. Шүкенай

«Жаратылыстану-техникалық факультетінің есебі» мәселесі бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

Талдықорған қ.

«04» маусым 2025ж.

«Жаратылыстану-техникалық факультетінің есебі» туралы ақпарат тыңдалып, келесідей тұжырымдар жасалды:

- Жаратылыстану-техникалық факультеті бойынша білім алушылардың жалпы саны – 702. Соның ішінде бакалавр бойынша 629 студент, оның 393 ҚР ҒжЖБМ гранты негізінде, 35 ЖАО гранты негізінде, 2 «Қазақстан халқына» қорының гранты негізінде, Қорғаныс министрлігі гранты 1, ал 198 студент ақылы негізде және 65 магистрант, 8 докторант білім алады.

Жаратылыстану-техникалық факультетінде бакалавриат бойынша 14, магистратура бойынша 5 және докторантура бойынша 2 білім беру бағдарламасы бар. Осы білім беру бағдарламаларын қамтамасыз ететін «Экология және ауылшаруашылығы», «Жаратылыстану пәндері» кафедралары, 4 оқу зертханасы бар.

Оқу зертханалары: 1. «Агроэкология» зертханасы; 2. «Биология» зертханасы; 3. «Химия» зертханасы; 4. «Биологиялық мониторинг» зертханасы.

2023-2024 оқу жылында бакалавр 122 түлектің 57 мемлекеттік білім гранты негізінде, 5 әкім гранты негізінде, ал 60 білімгер ақылы негізінде білім алған. Осы 122 түлектің 113-і жұмысқа орналасты, 6 түлек магистратурада білімдерін жалғастыруда, 3 түлек 3-жасқа дейінгі бала күтімінде, 9 түлек жұмыссыз. Жалпы жұмысқа орналасқандар үлесі 93 % көрсетіп отыр.

Магистратура бойынша 55 түлектің 19 мемлекеттік білім гранты негізінде, ал 36 магистрант ақылы негізінде білім алған. Осы 55 түлектің 36-ы жұмысқа орналасты, 17 түлек 3-жасқа дейінгі бала күтімінде, 2 түлек жұмыссыз. Жалпы жұмысқа орналасқандар үлесі 96 % көрсетіп отыр.

Факультеттің, университеттің имидждік саясатын жарнамалау негізінде инстаграм, Ютуб, фейсбук парақшалары ашылып, түрлі тақырыптарда подкаст түсіріледі.

- ПОҚ-тың сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлығы аясында 2024-2025 оқу жылында 5 шетелдік ғалым, 2 отандық ғалым сабақ өткізді.

2024-2025 оқу жылы ішкі академиялық ұтқырлық бойынша 7 білімгер білім алды.

- факультеттің дарынды студенттерін, магистранттары мен жас ғалымдарын ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметке тарту және оларды қазіргі ғылымның өзекті мәселелерін шешуге тарту мақсатында 8 студенттік ғылыми үйірме қызмет етеді. Факультет студенттері аймақтық, республикалық, халықаралық ғылыми-зерттеу жобалары, конкурстары мен олимпиадаға белсенді қатысуда.

- факультетте гранттық қаржыландырылатын 2, «Жас ғалым» постдокторантура бойынша 1, университетішілік «Jas galym» жобасы бойынша 2 жоба жүзеге асырылуда.

- «Болашақ» бағдарламасы «500 ғалым» жобасы бойынша 2 оқытушы (де Марке Политехникалық университеті (Италия); Рединг университеті (Англия) тағылымдамадан өтті.

«Жаратылыстану-техникалық факультетінің есебі» мәселесі бойынша
Ғылыми кеңес шешімі:

1. Жаңа мамандықтар бойынша ақпараттық-түсіндірме іс-шараларын өткізу: облыс, қала, аудан мектептері және колледждерде кәсіптік бағдар беру жұмыстары жетілдірілсін (**жауаптылар:** факультет деканы, декан орынбасарлары, кафедра меңгерушілері; **орындалу мерзімі:** 25.08.2025ж. дейін).

2. Практикалық сабақтарды жұмыс берушілердің базасында өткізу аясы кеңейтілсін (**жауаптылар:** факультет деканы, деканның оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары, кафедра меңгерушілері; **орындалу мерзімі:** 2025-2026 оқу жылы).

3. Көптілді білім беру, қос дипломды білім беру бағдарламаларында ағылшын тілінде дәріс оқитын профессор-оқытушылар құрамының саны және білім алушылар саны арттырылсын (**жауаптылар:** факультет деканы, деканның оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары, кафедра меңгерушілері, топ әдвайзерлері; **орындалу мерзімі:** 2025-2026 оқу жылы).

4. Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша профессор-оқытушылар құрамын ҚР ЖОО-ларына дәріс оқуға жіберу жұмыстары жандандырылсын (**жауаптылар:** факультет деканы, кафедра меңгерушілері, халықаралық ынтымақтастық орталығының мамандары; **орындалу мерзімі:** 2025-2026 оқу жылы).

5. ҚР ҒжЖБМ қаржыландыратын ғылыми жобалар конкурсына ұсынылатын жобалар, халықаралық жобалар саны, енгізу актілері, авторлық куәліктер мен патенттер саны арттырылсын (**жауаптылар:** декан; деканның ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, кафедра меңгерушілері; **орындалу мерзімі:** 2025-2026 оқу жылы).

6. Факультеттің ПОҚ және докторанттарының ғылыми жұмысын дамыту мақсатында халықаралық рецензияланатын (Web of Science, Scopus) журналдарда және шетел ЖОО ғалымдарымен бірлескен мақала жариялау саны арттырылсын (**жауаптылар:** декан; деканның ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, кафедра меңгерушілері; **орындалу мерзімі:** 31.12.2025ж.).

Ғылыми кеңес шешімінің орындалуын бақылау жаратылыстану-техникалық факультетінің деканы Е.С.Андасбаевқа жүктеледі.

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Е. Бурибаев

Г. Шүкенай